



**БЕКІТЕМІН**

Батыс Қазақстан инновациялық-  
технологиялық университетінің  
ректоры

Б. Т. Шакешев

2024 ж.

## **ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **БҚИТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

**СЖҚ.08. ҚЕ.31.**

Редакция № 02



Дана № 1

Орал, 2024

|                                                                                   |                                                                                                |                                                              |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
|  | <p align="center"><b>БҚИТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ МЕН<br/>ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АР-НАМЫС<br/>КОДЕКСІ</b></p> | <p>СЖҚ. 08. ҚЕ. 31.<br/>Өзгертулер: 00<br/>4 беттің 2-сі</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|

**Мазмұны:**

- 1 Оқытушылардың ар-намыс кодексі.
- 2 Білім алушылардың ар-намыс кодексі.

|                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                            |                                                                                                                       |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Даярланды:<br/>«<u>06</u>» <u>08</u> 2024 ж.</p> <p> Заришева А.А.<br/> Каракулова Г.Б.</p> | <p>Келісілді:</p> <p> Абекешев А.И.</p> | <p>Енгізілді:<br/>«<u>02</u>» <u>09</u> 20<u>24</u>ж.</p> <p>Қайта қарау:<br/>«<u>02</u>» <u>09</u> 20<u>27</u>ж.</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



## **БҚИТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

СЖҚ. 08. ҚЕ. 31.  
Өзгертулер: 00  
4 беттің 3-сі

### **Жалпы ереже**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің білім алушылары мен оқытушыларының қауымдастығы университет миссиясын іске асыру үшін өзінің жауапкершілігін сезіне отырып және корпоративтік басқару қағидаттарын нығайту мен дамытуды өзінің парызы деп санай отырып, осы студент пен оқытушының ар-намыс кодексін қабылдайды және оны мүлтіксіз ұстануға міндеттенеді.

### **Оқытушының Ар-намыс кодексі**

Оқытушы қызметінің негізгі бағыты - білім алушылармен жұмыс жасау, олардың білімі мен мәдениетін көтеру, өз Отанының нағыз патриоттарын тәрбиелеу. Оқытушы өзінің теориялық білімі мен педагогикалық шеберлігін арттыру үшін үнемі жұмыс істейтін кәсіби маман болуы керек, білімді адал іздеу негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізеді, нәтижелерді жеткізуде дәлелділікті, бейтараптықты және адалдықты қамтамасыз етеді.

Оқытушы - әдептілік пен зиялылықтың, білімділік пен адамгершіліктің үлгісі, Қазақстанның мемлекеттілігін белсенді насихаттаушы, сыбайлас жемқорлықтың, тәртіп бұзушылықтың және жауапсыздықтың кез келген көріністеріне қарсы.

Оқытушы білім алушыларға еңбек және оқу тәртібі ережелерін ұстану, әріптестріне құрметпен қарау қажеттілігін жеке мысалмен дәлелдейді, өзіне, сөздері мен іс-әрекеттеріне талапшыл, өз қателіктерін ашық мойындайды және оларды адал түзетеді.

Оқытушы әріптестері мен студенттерін кәсіби бағалауда адал және бейтарап болуы керек, ол ұйымдастырылған, оның сөздері іспен сәйкес келеді, іс-әрекеттің негізгі мәселелері бойынша өз ұстанымын ашық білдіреді және өз көзқарасын негізді түрде дәлелдейді;

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті оқытушысының Ар-намыс кодексі - қазақстандық қоғам мен мемлекеттің жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген моральдық нормалар, міндеттемелер мен талап етілетін адал мінез-құлық жүйесі.

Оқытушы мәлімделген базалық қағидаттарды іске асыру үшін жауапкершілікті өз мойнына алады және білім алушылар мен оқытушылардың Ар-намыс кодексін ұстанады, біздің университеттің адамгершілік және зияткерлік күштің үлгісі болып, Қазақстанның жоғары білім элитасын құруы үшін белсенді күш салады.



## **БҚИТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

СЖҚ. 08. ҚЕ. 31.  
Өзгертулер: 00  
4 беттің 4-сі

### **Білім алушының Ар-намыс кодексі**

Білім алушы Қазақстан Республикасының лайықты азаматы, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби маман болуға, шығармашылық тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылады.

Білім алушы үлкендерге құрметпен қарайды, айналасындағыларға дөрекілік танытпайды және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық танытады және мүмкіндігінше оларға қамқорлық жасайды.

Білім алушы - әдептіліктің, мәдениет пен моральдың үлгісі, азғындық көріністеріне төзбейді және жыныстық, ұлттық немесе діни белгілері бойынша кемсітушілік көріністеріне жол бермейді.

Білім алушы салауатты өмір салтын ұстанады және жаман әдеттерден толығымен бас тартады.

Білім алушы ЖОО дәстүрін құрметтейді, оның мүлкін қорғайды, студенттік жатақханалардағы тазалық пен тәртіпті қадағалайды.

Білім алушы шығармашылық белсенділікті (ғылыми-білім беру, спорттық, көркемдік және т.б.) дамытуға, ЖОО-ның корпоративтік мәдениеті мен имиджін арттыруға бағытталған кез келген қызметті қажетті және пайдалы деп таниды.

ЖОО-дан тыс жерде білім алушы өзінің жоғары мектептің өкілі екенін және оның ар-намысы мен қадір-қасиетін түсірмеу үшін бар күшін салуы қажеттігін әрдайым есінде ұстайды.